



ӘКІМДІГІ

КАУЛЫ  
11 қазан 2021 жж.  
Жалаған кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

209

### “Өңір қызметі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тарату туралы”

“Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Мемлекеттік мүлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жалаған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. “Өңір қызметі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – жауапкершілігі шектеулі серіктестік) таратылсын.
2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тарату комиссиясы қосымшаға сәйкес құрылсын.
3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тарату комиссиясы:
  - 1) жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тарату туралы қабылданған шешімді “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясы” коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының тіркеу және жер кадастры бойынша Жалаған ауданының бөлімі және “Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жалаған ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы” республикалық мемлекеттік мекемесіне дереу жазбаны түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, интернет ресурс арқылы хабардар етілуін;
  - 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестігін таратылуын, мүлкі мен істерін басқаруын;
  - 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестігін таратылуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымында жариялануын;
  - 4) қарыздарды алу-беру жөнінде есен айырысу үшін шаралар – қолдануын, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің таратылғандығы туралы жазбана хабарлануын;
  - 5) несие берушілер талаптарын қоюға арналған мерзім сақталғаннан кейін

ралық тарағу балансын жасап, оны Жалағаш ауданы әкімдігінің бекітуіне ұсынылуы;

6) несие берушілермен есеп айырысу біткеннен кейін тарағу балансын жасап, оны Жалағаш ауданы әкімдігінің бекітуіне ұсынылуы;

7) несие берушілердің талаптары қапақтандырылғаннан кейін қалған жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүлкі коммуналдық меншікке бағытталуы;

8) осы қаулыдап туындайтын басқа да шараларды қамтамасыз етеін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Н.Шамұратовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Жалағаш ауданының  
әкімі**



**А. Шаменов**